аптаалық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

газета издается с 26.06.2004 года

№ 29/673

17 июля 2020 года

*13 июля - День траура жертв пандемии*

## ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПОЧТИЛ ПАМЯТЬ ЖЕРТВ КОРОНАВИРУСА



**Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев принял участие в церемонии минуты молчания в память о жертвах пандемии. Об этом сообщила пресс-служба Главы государства, передает Kazpravda.kz.**

Распоряжением Главы государства 13 июля объявлено днем общенационального траура в Республике Казахстан. В связи с этим с 00:00 по всей стране приспущен Государственный флаг.

Сегодня, в день общенационального траура в память о гражданах, ставших жертвами пандемии коронавируса, в 12.00 по времени Нур-Султана по всей стране была объявлена минута молчания.

Перед резиденцией Акорда Глава государства Касым-Жомарт Токаев почтил память жертв пандемии коронавируса.

В церемонии приняли участие Государственный секретарь Крымбек Кушербаев, руководитель Администрации Президента Ерлан Кошанов, секретарь Совета Безопасности Асет Исекешев, начальник Канцелярии Президента Нурлан Онжанов и министр здравоохранения Алексей Цой.

Церемония почтения памяти жертв пандемии прошла во всех регионах республики.

Напомним, что первый случай коронавирусной инфекции в Казахстане был зарегистрирован 13 марта текущего года, когда двое граждан, прибывших из Германии, получили положительный результат теста на COVID-19. А 26 марта поступило сообщение о первой смерти в Казахстане от коронавируса – умерла 64-летняя женщина.

Стоит отметить, что в Казахстане в



последний раз траур объявлялся 28 декабря 2019 года – по погибшим в авиакатастрофе вблизи города Алматы. Всего за годы независимости траур объявляется в нашей стране в девятый раз.

По данным coronavirus2020.kz, на 00 часов 00 минут 13 июля в Казахстане зарегистрировано 58 253 случая заболевания коронавирусной инфекцией, из них 33 814 человек выздоровели. Умерли от коронавируса 375 человек.

**Источник: https://kazpravda.kz/news**
***г.Нур-Султан, 13 июля 2020 г.***

*13шілде - Жалпыұлттық аза тұту күні*

## ӘРУАҚТАР ЕСКЕ АЛЫНДЫ

**Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жуықтағы халыққа арнаған жолдауында 13-шілдені «Қазақстан Республикасында жалпыұлттық аза тұту күні» деп жариялаған болатын.**




Осы жылдың ақпан айынан бастап бүкіл әлемге дендеп енген қатерлі кеселдің тұтқынынан біздің еліміз де тыс қалмағаны рас. Жалпы халыққа тажал болып келген осынау кеселдің алдын алу мақсатында екі жарым айға жуық уақыт елімізде карантин енгізілді. Аяқ астынан пайда болғандықтан, әлем халқы абдырап қалды. Соның ішінде біздің еліміздің медицина саласы да бұл дертпен шындап күресуге дайын болмай, дәрменсіздік танытқанын да мемлекет басшысы атап айтқан болатын. Әлі күнге нақты емі табылмаған атың өшкір кесел соңғы кезде тіптен өрши түсіп, адамдарға ажал оғын шашып жатқанын да көзбен көре бастадық. Әрқайсымызға таныс, жанымызға жақын жандар – ағайын-туғандарымыз, достарымыз, аяулы жандарымыз жасына, жынысына қарамай өмірден беймезгіл өтіп жатқаны арқамызға аяздай батуда. Дүниеден өтіп жатқандардың арасында Сіздердің де жақындарыңыз бар екенін байқап жүрміз. Біз оларды аза тұту күні жарияланбай тұрып та әр күні, сәт сайын есімізге алып, дұға бағыштап отырғанымыз анық. Жалпылама салынған шектеудің кесірінен қаза болғандардың жаназасына қатысып, қайғыға батқан жақындарымыздың қайғысына ортақтасып, көңіл айта алмағанымыз да қазақ басымызға сын болып көрініп жүргені жасырын емес. Дегенмен, көпке келген ортақ қиындықтан және қасірет-қайғыдан қашып құтыла алмаймыз. Әлеуметтік желілер, телефон арқылы көңіл айтып, амалсыздан осындай қадамға барып жатқанымыз да шындық. Құдай басқа салғасын бұған көндігіп, бойың үйренеді екен. Жалпы ұлтқа келген қасірет баршамызға ортақ екенін мойындадық.

Мемлекет басшысы жария еткен «Жалпыұлттық аза тұту күнінің» бір минут тыныштық сақтап еске алу сәті 13-шілде күні сағат 12.00-ге тура келді. Сол сәтте жұмыста, үйде, көшеде немесе жолда – қай жерде болса да, тосаттан келген дерттен қаза тапқан еліміздің азаматтарын еске алуға біздің қала тұрғындары жаппай қатысты. Қала мешітінің имамы Дәуіт Сейтқалиұлы Қожахметов қаза болғандардың рухына арнап қатым сағыр арнады. Мезгілсіз бақилық болған әруақтарымыздың рухы разы болсын, жандары жәннатта, топырағы торқа болғай, Аллатағала олардың қабірлерін құран нұрымен нұрландырғай.

**ӘУМИН!!!**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

## ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ

Елімізді жайлаған індет күн санап өрши түсуде, өлім-жітім күннен-күнге көбеюде. Бұл ауру жақын туыстарымызға, халқымызга оңай тиіп жатқан жоқ. Күнделікті ақпараттарды қарау, тыңдау мүмкін болмай кетті. Қаралы хабар қабырғамызды қайыстыруда. Апталдай азаматтарымыз, апаларымыз, әжелеріміз, әкпелеріміз өмірден міз бақпастан өтіп жатыр. Сабақ алуымыз қажет. «Кемедегінің жаны бір» демекші, еліміздің басына түскен қиын кезеңде бірлесе әрекет еткеніміз жөн. Белгіленген тәртіп баршамызға ортақ. Жақынымызға жанашыр болайық! Карантин кезінде сақтық шараларын қатаң бақылап, дұрыс қолдана білейік. Қазіргі індет жайлаған кезеңде халық көп жиналатын жерлерге, дем алатын орындарға баруды тоқтатып, шамамыз келгенше жағдайы төмен отбасыларға көмектесуге бірлесіп атсалысайық. Көптеген азаматтарымыз жұмыстарынан айырылып, жұмыссыздық жайлаған кезде халық болып бірлесе әрекет етейік!

**Ж. Қасымбаева,**
**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ басшысы**

***

Ағымдағы жылғы 15 шілдеде «Дәрілермен қамтамасыз ету және гуманитарлық көмек» тақырыбы бойынша өткен брифингта Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице - Министрі Людмила Витальевна Бюрабекова және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрінің орынбасары Ержан Нигматуллаұлы Ашықбаев елімізге басқа мемлекеттердің де осындай қиын кездері қол ұшын созып, 15 мемлекет гуманитарлық көрсеткенін атап айтты. Қазіргі пандемия кезінде қажетті дәрі-дәрмектің бағасын қымбаттатпау үшін қатаң бақылауға алынғанын мәлімдеді. Приозерск қаласының дәріханаларына да қажетті дәрі-дәрмектер келіп түсуде. Сырқаттанған адамдар үшін барлық дәрі жеткілікті, бірақ, қажет дәрілер адам басына 1-2 қораптан артық сатылмайтыны айтылды. Сабыр сақтап, байыппен қарасақ, бұл індеттен де айығып шығамыз.

Біз біргеміз!

**Д. Бижанова,**
**Приозерск қалалық Аналар кеңесі төрағасының орынбасары**

***

Елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырып, ауырып жатқан адамдардың саны тұрақсыз болып отыр. Сол үшін ағымдағы жылдың шілде айының соңына дейін еліміздің барлық облыстарында қатаң карантин жарияланды. Осы ауыр індеттің көп таралу себебінен, көп азаматтар табыс көзінен айырылып қалды. Осыған орай, ағымдағы жылдың шілде айында табыссыз қалған, мұқтаж азаматтарға әлеуметтік төлем жүргізу, атап айтқанда 1 рет 42 500 теңге төленетінін Президент атап айтты. Одан бөлек, халықтың жекелеген санатына тамақтануға ақшалай көмек көрсету жұмыстары жалғасады. Осындай қиынқыстау кезеңде бір-бірімізге демеу болайық, бір болайық, сабырлы болайық!

**Б. Такенов**
**«Приозерск қаласының ТКШ, ЖК. АЖ және ТИ бөлімі» ММ бас маманы**

*Мұқтаж азаматтарға көмек*

## 42 500 ТЕҢГЕ АЛУҒА ӨТІНІШ 1 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ҚАБЫЛДАНАДЫ

**17 шілдеден бастап 42 500 теңге алуға өтініш беру басталады. Бұл туралы бүгін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов мәлімдеді, - деп хабарлайды Egemen.kz.**

Біржан Нұрымбетовтің айтуынша, әлеуметтік төлем алуға өтінішті **42500.enbek.kz** порталы, **eGov** электрон үкімет порталы, өзін-өзі жұмыспен қамтыған жеке тұлғалар **Telegram**-бот арқылы бере алады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі азаматтардан бір рет қана өтініш беруді сұрады.

"Порталға өтінішті бір рет қана берсеңіздер, оны 2-3 рет бермеуді сұраймыз және әр порталға бір-бір өтініш тастамаңыздар, оның қажеті жоқ. Бәрібір екінші өтініш өтпейді. Мұндай әрекеттер порталдарға салмақ салуы мүмкін және басқа азаматтардың өтініш беруіне кедергі болады. Өткен жолы 18 миллион өтініш келіп, порталдарға салмақ түскен еді. Сондықтан өтінішті бір рет қана тастаңыздар, қабылданды деп хабарлама келеді. Статусыңызды ары қарай 42500.enbek.kz-тен тексеріп отырасыз", – деді Біржан Нұрымбетов.

Министр азаматтардың өтініш беру мерзіміне қатысты шектеу жоқ екенін айтты.

"Бұл төлем шілде айына арналады. Бірақ өтінішті 1 қыркүйекке дейін қабылдай береміз, порталдар жабылмайды", –



деді ол.

**Дерек-көз: www.egemen.kz**

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# АНАЛИТИЧЕСКАЯ ИНФОРМАЦИЯ ПО СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОМУ РАЗВИТИЮ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ЗА 2019 ГОД

**30 июля 1956 года были приняты историческое решение о строительстве испытательного полигона противовоздушной обороны и образования государственного научно- исследовательского центра №10. Это и стало главной причиной возникновения на казахской земле нового города, строившегося в качестве административного центра Сарышаганского полигона.**

В декабре 1963 года Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР поселок Коктас преобразован в город областного значения с присвоением ему наименования – город Приозерск.



Город Приозерск находится в 7 км от республиканской автомобильной трассы и в 18 км от железнодорожной станции Сарышаган, ориентировочно в 530 километрах от областного центра - города Караганды, приблизительно в 500 километрах от города Алматы, и в 130 км от города Балхаш.

Приозерск занимает стратегически выгодное географическое положение в центре автотрассы между Алматой и Нур-Султаном.

Приозерск не обременен серьезными экологическими проблемами, связанными с промышленными отходами.

Город Приозерск находится на юге Карагандинской области на границе Жамбылской области.

Территория города составляет 5 452 га, граничит с Актогайским и Шетским районами Карагандинской области и с Мойынкумским районом Жамбылской области.

Город Приозерск является центром административного, социально- бытового обеспечения военно-испытательного полигона Сары-Шаган.

Плотность населения в среднем по городу составляет 388,37 человека на 1 кв. км.

В городе проживают представители более десяти национальностей. Доля казахов в общей численности населения составила 57,77%, русских – 34,03%, других национальностей 8,20 %.

Миграционные потоки населения играют значительную роль при расчете численности трудовых ресурсов и численности постоянного населения страны.

Демографическая ситуация в регионах Казахстана неоднородна и будет развиваться в дальнейшем под влиянием сложившихся тенденций естественного воспроизводства и миграции населения.

На территорию города Приозерск в 2019 г. из других регионов республики и стран прибыло 478 человек, выбыло из города 683 человека, по сравнению с 2018 г. число прибывших уменьшилось на 2,05 %, а выбывших увеличилось на 11,23 %. Это увеличило отрицательное сальдо миграции до 79 человек (2018 г. – 126 человек).

Это является сдерживающим фактором развития города, в том числе в части наличия квалифицированных кадров на рынке труда.

Численность населения города Приозерск на начало 2019 г. составила 13 329 человек, а к началу 2020 г. – 13 293.

Основную долю населения составляют лица трудоспособного возраста, их совокупная доля с 2018 г. по 2019 г. составляла порядка 63-65 % в общей численности населения.

Возрастная категория людей от 0 до 15 лет составила 28,29 % в общей численности населения в 2019 году, снизившись по сравнению с 2018 годом на 0,26 %. Население пенсионного возраста, т.е. старше 63 (59) и старше, составило 7,88 % в общей численности, увеличившись на 0,12 процентных пункта по сравнению с 2018 годом.

В 2019 году коэффициент рождаемости (на 1000 человек) составил 16,98, уменьшившись на 10% по сравнению с 2018 годом (2018 г. - 18,87 случаев).

В 2019 году коэффициент смертности (на 1000 человек) – 4,43 случаев, и снизился на 17,0 % по сравнению с 2018 годом (2018 г. – 5,34 случаев).

Численность рабочей силы в городе Приозерск в 2019 г. составила 8019 человек. Из них более 95 % — занятое население, чья численность за год увеличилась на 2,9 % и достигла 7686 человек (2018 г. – 7470 чел.).

В экономике города было занято 7686 человек, из них (мужчины - 4052 человека, женщины – 3634 человека):

сельское, лесное и рыбное хозяйство - 4 человека, из них женщины – 4;

промышленность и строительство - 366 человек, из них мужчины - 302, женщины – 64;

сфера услуг - 7316 человек, из них мужчины - 3750, женщины – 3566.

Доля рабочей силы в численности населения составила 77,7 %.

Численность безработного населения составила 333 человека. Уровень безработицы составил 4,2 %. Среди молодежи в возрасте 15-24 лет уровень безработицы составил 4,6 %, в возрасте 15-28 лет – 4,0 %.



Мерами социальной защиты от безработицы охвачено 1057 человек, что составляет 128 % от общего числа обратившихся (обращение - 823), в т.ч. трудоустроено- 630, из них: приняли участие в общественных работах – 342, на социальные рабочие места направлено 41 человек, молодежную практику прошли 43 выпускников, на краткосрочные курсы – 63.

В IV квартале 2019 г. среднемесячная номинальная заработная плата одного работника составила 124872 тенге и выросла по сравнению с соответствующим кварталом 2018 г. на 17,78 %.

Количество действующих субъектов МСП, работающих на рынке, на 1 января 2020 года составило 712 единиц.

В общем количестве действующих субъектов МСП города наибольшую долю составляют индивидуальные предприниматели – 84,1 %.

Численность работающих в хозяйствующих субъектах малого предпринимательства за 2019 г. составила 1245 чел. или 99,0 % к 2018 году (1258 чел.).

За 2019 год субъектами малого предпринимательства выпущено продукции на сумму 1 573 млн. тенге или 107,9 % к 2018 году (1 457 млн. тенге).

Одним из основных направлений развития Казахстана является современная социальная политика, в центре внимания которой находится реализация целенаправленных мер по социальной поддержке «уязвимых» слоев населения.

На 01.01.2020 года на учете в отделе занятости и социальных программ состоит 184 малообеспеченных семей или 904 человека, проживающих ниже черты бедности.

Продолжается работа по оказанию всех видов государственной поддержки социально-уязвимых слоев населения. Выплачено: государственная адресная социальная помощь 188 семьям (909 человек) на сумму 98 352,6 тыс.тенге, возмещение затрат 6 детям-инвалидам, обучающимся и воспитывающимся на дому на сумму 84,2 тыс.тенге, жилищная помощь 26 семьям (62 человек) на сумму 800,9 тыс.тенге.

В 2019 году надомным обслуживанием нуждающихся социально-уязвимых слоев охвачено 19 человек. Обеспечено гигиеническими средствами за 2019 год 28 инвалидов. Оплачены услуги индивидуальных помощников для 6 инвалидов первой группы в сумме 2319,7 тыс.тенге.

В 2019 году на учете в отделе состояли 13 тружеников тыла, 7 участников афганских событий, 1 участник ликвидации последствий чернобыльской аварии, одна жена умершего участника войны.

На сумму 11690,0 тыс.тенге оказана помощь отдельным категориям граждан в количестве 1223 человек по решению местных исполнительных органов в трудную жизненную ситуацию, в т.ч. в связи со смертью близких родственников и ЧС, на праздничные даты, выплата лицам, имеющим социально-значимые заболевания.

Кроме того, из внебюджетных средств оказана материальная и натуральная помощь на сумму 464,5 тыс.тенге.

В 2019 году на отдых в медико-социальные учреждения для престарелых и инвалидов направлено 3 одиноких пенсионеров, 1 инвалид направлен в психоневрологическое медико-социальное учреждение, 1 ребенок-инвалид направлен в детское медико-социальное учреждение.

Из года в год наблюдается устойчивый рост финансирования государством сферы образования. Количество учащихся в общеобразовательных школах составляет 1 907 человек, из которых 462 ребенка из малообеспеченных семей в течении всего учебного года обеспечены бесплатным горячим питанием.

310 учащихся из категории социально-уязвимых слоев населения обеспечиваются сезонной одеждой, 60 детей отдохнули в летнем загородном оздоровительном лагере «Березняки» Бухар-жырауского района.

Согласно информации отдела статистики города Приозерск число молодежи в возрасте от 14 до 29 лет составляет 2 767. Из них 314 молодежи в возрасте от 14-18 лет учатся в средних школах.

Дошкольным образованием с 3-х лет и предшкольной подготовкой охвачено 100% детей.

Все школы города подключены к широкополосной сети Интернет и оснащены интерактивным оборудованием.

Негативным фактором, влияющим на отток молодежи, является отсутствие на территории города средних специальных и высших учебных заведений.

В городе Приозерск на 1 января 2020 года функционируют 30 спортивных сооружений. Физической культурой и спортом занимаются 4 267 человек или 31,9 % граждан.

В рамках реализации программы «Нұрлы жер» завершены работы по строительству 24-х квартирного арендного дома по ул. Достык, 24 и ИКИ к нему. Все квартиры предоставлены очередникам МИО и 2-е - как служебные.

Активизирована приватизация жилья. Жителями выкуплено у государства 79 квартир. В доход государства поступило более 21 млн. тенге.

В списке очередников состоят 408 граждан.



В порядке очереди распределена 51 квартира (28 квартир - арендное, без права выкупа, 23 - из вторичного жилья с правом выкупа) нуждающимся в жилье горожанам, из них:

-3 квартиры - детям - сиротам;

-21 квартира - социально - уязвимым слоям населения;

-13 квартир – многодетным семьям;

-10 квартир – работникам бюджетных организаций;

-4 квартиры - гражданам, единственное жилье которых признано аварийным.

Объем строительных работ за 2019 год составил 501,7 млн. тенге или 61,5 % к 2018 году (816,4 млн. тенге).

Ввод жилья составил 3996 кв.м или 79,9 % к январю-декабрю 2018 г. (5003 кв.м).

Относительно активное жилищное строительство позволяет обеспечить условия проживания в городе, в том числе и молодежи, что отражается на численности населения, обеспечения рабочей силой предприятий и организаций города.

Международный туризм в настоящее время является одной из наиболее динамично развивающихся отраслей внешнеэкономической деятельности.

Импульсом для позиционирования Приозерска как туристического города на международном уровне стало открытие лечебно-оздоровительного комплекса «Балхаш» на побережье озера в 3-х км от города.

Инфраструктура туризма в городе представлена гостиницами, объектами общественного питания, АЗС, СТО.

В целях развития сферы туризма и привлечения инвесторов в 2019 году, проведен ежегодный региональный форум по развитию туризма в формате инфотура с охватом городов Балхаш, Приозерск и Актогайского района. На данном мероприятии приняли участие представители акимата Карагандинской области, АО «Қазактуризм», АО «Казахинвест», АО «Фонд развития предпринимательства «Даму», свыше 30 представителей турагенств РК и РФ.

Развитие Приозерска как туристического кластера может стать «полюсом роста» для региона.

Согласно Статистическим данным в 2019 произошло снижение объема производства промышленной продукции на 0,8 %, и составил 7 376,5 млн.тенге. Индекс физического объема (ИФО) составил 99 %.

Объем производства обрабатывающей промышленности 168,2 млн.тенге или 94,3 % (2018 г. – 178,3 млн. тенге). ИФО – 48,7%.

Сбор, обработка и удаление отходов, утилизация отходов - 20,557 млн.тенге или 97 % к 2018 году (2018 г. – 21,2 млн. тенге).

Плановый показатель перевыполнен за счет увеличения объема выпуска производимой промышленной продукции и увеличения содержания доли свинца в свинецсодержащем концентрате ТОО «Ер-Тай».

В 2019 году добыча свинцовых руд составила 31,6 тыс. тонн или 108,9 % по сравнению с 2018 годом (29 тыс. тонн).

Объем выпущенной промышленной продукции ТОО «Ер-Тай» в стоимостном выражении за декабрь 2019 года составил 6 210,4 млн.тенге или 110,7 % к 2018 г. (декабрь 5 609,4 млн.тенге). ИФО – 108,8 %.

*(окончание на стр. 3)*

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# АНАЛИТИЧЕСКАЯ ИНФОРМАЦИЯ ПО СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОМУ РАЗВИТИЮ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ЗА 2019 ГОД

*(окончание. начало на стр. 2)*

Сельское хозяйство в Приозерске в основном представлено домашними хозяйствами и животноводством.

Объем валовой продукции сельского хозяйства по городу за 2019 год составил 193,5 млн. тенге или 127,0 % к 2018 году (152,4 млн.тенге). Индекс физического объема валовой продукции с/х достиг 105,7%.

Домашними хозяйствами произведено мяса 57 тонн или 106,5 % к 2018 году (53,5 тн), молока 603,8 тонн или 103,6% к 2018 году (582,6 тн), яиц 135,5 тыс.штук или 100 % к 2018 году (135,5 тыс.шт).

Численность поголовья скота и птицы в домашних хозяйствах по городу за 2019 год составила 3 597 голов или 105,6% к 2018 году (3 604 гол.).

В связи с дислокацией на территории города войсковых частей министерств обороны двух государств, как градообразующих предприятий, имеются риски передислокации их в другие регионы, сворачивании программ военно-оборонного комплекса и т.д.

В рамках работы по управлению коммунальной собственностью для осуществления прописки жильцов паспортизированы 806 квартир. Изготовлены землеустроительные проекты и технические паспорта на основные дороги города. Проведена паспортизация части инженерных сетей (тепло, вода, канализация, электроснабжение, линии связи), многоэтажных жилых домов.

Проведена паспортизация 12 многоэтажных жилых домов. Проведена паспортизация инженерных сетей (вода, электроснабжение), построенных для строительства ИЖС. Признаны бесхозяйными и принятыми в коммунальную собственность: 2 объекта.

Бюджет города Приозерск на 2019 год утвержден решением Приозерского городского маслихата от 26 декабря 2018 года №26/247 «О городском бюджете на 2019-2021 годы». В 2019 году было проведено 4 уточнения бюджета, 10 корректировок, по результатам которых параметры бюджета пересмотрены с сохранением основных приоритетов.

Доходная часть бюджета исполнена в



сумме 3 128 461,2 тыс.тенге или 101,3 % при скорректированном бюджете 3 089 200 тыс.тенге.

Основные параметры доходов выполнены за счет трансфертов 90,3% (2 827 849 тыс.тенге) и собственных доходов города 9,6% (300 612,2 тыс. тенге).

Исполнение поступлений доходной части бюджета (три категории) по собственным доходам составила 300 612,2 тыс.тенге при плане 261 351 тыс. тенге или 115,0 % к плану в том числе:

-налоговые поступления – 239 933 тыс. тенге или 113,8 % к плану (210 798 т.т.);

-неналоговые поступления – 32 152 тыс. тенге или 112,8 % к плану (28 498 т.т.);

-поступления от продажи основного капитала – 28 527 тыс. тенге или 129,3 % к плану (22 055 т.т.).

В 2019 году затраты бюджета исполнялись 12 администраторами города по 85 бюджетным программам. Затраты городского бюджета исполнены на 99,5 % или на 3 125 451,7 тыс. тенге против скорректированного плана 3 141 590 тыс. тенге.

Субвенция, выделенная из областного бюджета - 1 674,6 млн.тенге или 101,1 % к 2018 году (1 654,9 млн.тенге).

Одной из задач по переходу к концепции «Слышащего государства» является широкое вовлечение населения в процесс принятия решений. Это также было озвучено в предвыборной программе Президента Республики Казахстан. В связи с этим, положительный опыт акимата района «Сарыарка» города Нур-Султана по бюджету участия планируется распространить на другие регионы. В настоящее время Правительством совместно с акиматами регионов внедряется «Бюджет народного участия».

Так, постановлением акимата города Приозерск от 21 мая 2020 года № 26/108 «О создании Экспертного совета по вопросам реализации бюджета народного участия при акимате города Приозерск», утверждено Положение об организации проекта **«Бюджет народного участия города Приозерск»** и создан Экспертный совет по вопросам реализации бюджета народного участия.



Целью проекта «Бюджет народного участия города Приозерск» является развитие и благоустройство территории города Приозерск на основании инициатив и предложений граждан.

Прием проектных предложений жителей города осуществляется на официальном Интернет-ресурсе аппарата акима в разделе **priozersk-akimat.gov.kz**. Пройдя по указанной ссылке, Вы можете ознакомиться с правилами проекта «Бюджет народного участия».

Принятие решений по использованию целевых расходов посредством бюджета народного участия позволит обеспечить последовательное продолжение бюджетной децентрализации, развитие местного самоуправления.

**ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск»**

*Болашаққа батыл қадам*

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын карпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» - деген болатын.

Қазақ әліпбиін латын жазуына көшіру мәселесі Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері қызу талқыланып келе жатқан тақырыптардың бірі. Былтырғы жыл соңында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев латын әліпбиіне көшу Тәуелсіз Отанымыздың рухани жаңғыру жолындағы, өркендеу кезеңіндегі айқын да батыл қадамдарының бірі болмақ.

XXI ғасырда Қазақстан Республикасы үшін үлкен өзгерістер енгізілуде. Еліміз әлемнен қалыспай, ілгерелеп дамып келе жатыр. Мемлекетіміздің алға қояр басты мәселелерінің бірі ол - тіл. Осы орайда айтар болсақ, Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының басым бағыттарының бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру еді. 2018 жылдың 19 ақпанында Елбасының жарлығымен латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі бекітілді.

Дүниежүзілік ақпаратта латын әліпбиінің орны үлкен. Латын әліпбиін пайдалану Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркменстан сияқты мемлекеттердің тәжірибесіне сәтті өткен. Қазіргі таңда әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.




латын графикасына өтетін уақытты белгілеп, бұл даудың ақырғы нүктесін қойды.

Латын әліпбиінің жаңа нұсқасы - еліміздің таңдауының жарқын нәтижесі және Ұлы дала елін әлемдік өркениетпен байланыстыратын алтын көпір. Сондықтан да латынға оралу заман талабынан туындап отырған қажеттілік деп білеміз. Себебі,

Сондықтан латын әліпбиіне көшу кезек күттірмейтін міндет. Барлық озық технологияның тіліне айналған латын әліпбиіне көшу – еліміз үшін, өнеріміз бен мәдениетіміз үшін үлкен рухани жетістік болмақ.

**«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ**

*...Өз тіліңді құрметте !*

# ТІЛІ ЖОҚ ЕЛ МЕМЛЕКЕТ БОЛА АЛМАЙДЫ

**Тіл- мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті.**

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемеуі - қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам жәндік» -деп ашына айтқаны ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағын да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Төл тілінде сөйлеуден безу - ана сүтін беріп өсірген анаңды ұмытумен бірдей.

Тіл - тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз - тәуелсіздік, егемендіксіз- тіл болмақ емес. Тіл - тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы - қазақ тілінде», - деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы - біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ.




Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін емес. «Тіл туралы» Заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті, өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті» - делінген. Мемлекеттік саясаты - тіл саясаты қағидасын тәжірибеге берік ендіру, алға басуға ұмтылу. Осы орайда, Департаментімізде көптеген шаралар өз бастамасын табуда. Атап айтсақ, қазақ тілін оқып-үйрену бойынша үгіт-насихат жұмыстары, семинарлар мен дәрістер өткізіледі. Осы іспеттес жұмыстар аудандық басқармаларда да жүргізілуде. Елбасымыз айтқандай, Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді.

**Ж.Я. Абулова,**
**«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы КМҚК» тәрбиешісі**

# Ж Е К П Е - Ж Е К

*Жанқожа батырдың дүние салғанына 160 жыл*



Нұрмұхамедұлы Жанқожа (1774-1860) – батыр, Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы. Қазіргі Қызылорда облысының Қазалы ауданында туған. 19-ғасырдың 20-жылдарынан бастап Сыр бойы мен Арал теңізінің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған Хиуа, Қоқан хандықтары 1830-1840-жылдары жергілікті халыққа өктемдігін одан әрі күшейтті. Хиуа хандығы Жаңадария, Қуаңдария, Қызылқұмнан өтіп, Қосқорған, Арал теңіздеріне дейінгі аралықтағы Сыр бойындағы қазақтарға шапқыншылықтар жасап, малын барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды. Қоқандықтар шекара бекітіп, әкімшілік құрып, 1817-жылдан бастап салына бастаған бекіністерінен әркез жасақтар шығарып, бейбіт елді шауып, алым-салық жинап тұрды. Осындай зорлық-зомбылықтан жапа шеккен қазақтар, жастайынан әділдігімен, батырлығымен елге танымал болған Жанқожаның төңірегіне топтасады. Жанқожа 17 жасында Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасының жергілікті рулары сайлап алған Қылышбай ханның Хиуа бекінісіне жасаған жорығы кезінде жасаққа елеусіз еріп барып, ешкімге дес бермей тұрған қарақалпақ батыры Тықыны жекпе-жекте өлтіреді. Осы жорықта әділетсіздігі үшін Қылышбай ханның өзіне де қол жұмсайды. Бұл кездерде Жанқожа ауылы Қарақұмды жайлап, Ырғызды қыстайтын. Қоқан хандығының Созақ бекінісіне орналасқан әкімдерінің жергілікті халыққа салынатын алым-салықтан тыс көрсеткен зорлықтары қазақтардың бас біріктіріп, бұл қамалға шабуыл жасауына себепкер болады. И.Аничковтың мәліметі бойынша, Қоқан әкімі Дәурен Созақ қалаларының бектері Отыншы, Сушымен бірігіп, Сарман биді өлтіреді. Созақта тұратын Құрман би араша түсуін өтініп, Жанқожаға арнайы хабар жібереді.

Ел ішіндегі дерекке жүгінсек, «Созақ бекінісін жаудан азат етуге үш жүздің қолы жиналады. Бұл шайқасқа Жанқожа бабамыз даңқты батырлары бастаған 500 сарбазбен аттанады. Шайқас алдында Жанқожа батыр өзінің қолымен қоқандықтарға көмекке келе жатқан атақты Тоған палуанның жасағының жолын тосады. Жекпе-жекте Тоғанды жеңіп, байлап алып Кенесары ханға тапсырады. Басшысынан айырылған жау қолы быт-шыт болып, жан сауғалайды. Мұнан соң Жанқожа батыр өзінің жасағымен Созақ бекінісіндегі соғысқа қатысып, үлкен ерлік көрсетеді» деседі.

**Кезегі Кіші жүздің болды соңғы,**
**Қаптады ерен жасақ құба жонды.**
**Соңына ертіп алып, өңшең ерді,**
**Жанқожа бір төбеге бөлек қонды.**
**Ойлады «қоқандарға келер көмек,**
**Тосайын дұшпан қолын жолдан бөгеп.**
**Тынықсын таң атқанша қалған жасақ,**
**Жіберді шолғыншыны «біл деп дерек».**
**Қараңғы түн ортасы ауған мезгіл,**
**Жанқожа Дәрменқұлға деді «көз іл».**
**Ұйқыға батыр мен пір кеткенінде,**
**Жиылды ишандар да жан-жақтан кіл.**
**Киінген аппақ шапан, ақ сәлделі,**
**Қолында аса таяқ тым кәделі.**
**«Дәрменқұл оят деді хас батырды,**
**Бетке алды дұшпанымыз бұл төбені».**
**Орнынан тұрды батыр жеңіл сергек,**
**«О, пірім, естідім» деп кегі кернеп.**
**Ишандар дауыстады «ұмтыл батыр,**
**Тосамыз жау қосынын тездетші, тек».**
**Көрініп әз Жәкеме пірі, ишан,**
**Жайлады кең даланы тылсым тұнған.**
**Сол мезет жақындады қалың сыпай,**
**Бояуға сай-саланы толтырып қан.**
**Қозғалды әз Жәкемнің суыт қолы,**
**Қорғаған қалың елін, мұңы-жоғы.**
**Қаймықпай түнеріп тұр, жау жасағы**
**Басқарған Тоған палуан өжет, долы.**
**Шақырып хас батырды жекпе-жекке,**
**Шапқылап Тоған шықты алғы шепке.**
**Келгенде найза салым бір-біріне,**
**Сұрапыл дауыл соқты ұрып бетке.**
**Қап-қара қалың тұман жерді басты,**
**Шуылдап жау әскері асып-састы.**
**Қалтырап өр Тоғанның құты қашты,**
**Үстем боп Жанқожаның әруағы асты.**
**Тоғанның тұрған кезде қолын байлап,**
**Ашылды күннің көзі көкте жайлап.**
**Алдына салып алып жүре берді,**
**Әз Жәкем қоқандықты малша айдап.**

Сондай-ақ, «Қазақ қолы жеңіске жеткен соң тұтқындардың тағдыры безбенге түседі. Батырлар бас қосқан мәжілісте Жанқожа бабамыз «Қарапайым сарбаздардың қанын бекерге төгудің керегі не? Тоғанның «қазақпен енді жауласпаймын» деген антын алып босатқан жөн» деген ойын білдіріпті. Бұл ұсынысқа Кенесары хан да қарсы болмапты. Осылайша Тоғаннан ант алып, басына азаттық беріпті» деген сөз бар… Қайран, бабалар!

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

## Т Ү З Е Т У * И С П Р А В Л Е Н И Е

**Газеттің 2020 жылдың 10 шілдесіндегі 28/672 нөмірінің 10-бетінде ақын Сейітжан Бекшентайұлының фотосуреті қате жарияианып, қателік жіберілген. Газет редакциясы оқырмандардан жіберілген қателік үшін кечірім сұрайды.**

**«Приозерский вестник» газетінің редакциясы**


**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**
**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу: ул.Космонавтов, 5-107**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**
**Выходной - Понедельник**
********
**Запись по телефону: мастера-парикмахеры:**
**8-775-274-25-87 (Анталий),**
**8-747-970-25-81 (Карлыгаш)**




**ПРОДАЮ ДОМ**
**Цена– 9 000 000 тенге. Возможен торг.**
**г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.**
**Ванна, центральная канализация,отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35**

**Уважаемые жители города Приозерск!**
***Приглашаем вас посетить наш бутик “Золушка”, расположенный на центральном городском рынке. Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации “Сибрское здоровье”. Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу. Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения местной газеты “Приозерский вестник”.***
**Контактный телефон: 8-777-103-8589**





**COVID-2019**

# В КАРАГАНДЕ РАЗЪЯСНИЛИ СИТУАЦИЮ СО ШТРАФОМ В 83 ТЫСЯЧИ ТЕНГЕ ЗА ХОЖДЕНИЕ БЕЗ МАСОК

**Общественный резонанс в Караганде вызвала новость о штрафе за неношение медицинских масок. На одном из республиканских новостных порталов появилась новость о том, что за хождение без масок в Алматы штрафуют на 83 тысячи тенге. В Караганде ситуацию разъяснили в Департаменте контроля качества безопасности товаров и услуг (далее ДККБТУ) и в Департаменте полиции Карагандинской области.**

- С 5 июля 2020 года, за нарушение карантинного режима по статье 425 КРК об АП, полицией выявлены 35 материалов, которые направлены в подведомственные отделы для принятия соответствующих решений. То есть мы, полиция, никого ещё не привлекли. Это прерогатива непосредственно ДККБТУ. Далее они принимают решение: накладывать штраф или принимать другие меры. Мы действительно привлекали нарушителей к административным штрафам, но это происходило во время ЧП. Мы хотим обратиться непосредственно к населению. Те, кто говорят и пишут о том, что люди ездят без маски в автобусах, в такси и т.д. и при этом спрашивают, куда смотрит полиция? Каждый сам может проявить гражданскую позицию и сказать этому человеку о том, что он рискует не только своим здоровьем, но и здоровьем окружающих людей. Мы не хотим пугать людей штрафами. Мы хотим достучаться до их сознательности! – сообщил Жанатай Сембеков, руководитель пресс-службы ДП Карагандинской области.

В ДККБТУ также прокомментировали ситуацию со штрафом за нарушение масочного режима. В Карагандинской области действует постановление главного санитарного врача Каната Аскарова от 3 июля 2020 года, в котором прописан пункт о ношении защитных масок для населения за пределами закрытых помещений. Однако данный пункт несёт в себе рекомендательный характер, и не может облагаться штрафом.

«Согласно п.3 п.п.3) Постановления №30 от 03.07.2020 года жителям рекомендовано «соблюдать правила ношения защитных масок. Согласно приложению 2 к настоящему постановлению», согласно п. 3) «Правил ношения защитных масок» (2 приложение) - Ношение защитных масок для населения за пределами закрытых помещений (на улице) рекомендовано для того, чтобы снизить риск инфицирования среди населения.

Цель - защита людей от случайного прикосновения к частям лица (носа, рта) потенциально инфицированными руками. По данным ВОЗ человек в среднем 3-5 раз за минуту может трогать лицо, при этом, не контролируя этот процесс, что при загрязненных руках повышает риск инфицирования.

При этом данный пункт носит рекомендательный характер, в чем к лицам, нарушившим данные рекомендации, не применяются административные меры», - сообщили в ДККБТУ.

Между тем стоит отметить, что на территории Республики Казахстан действует статья 425 - "Нарушение требований законодательства в области санитарно-эпидемиологического благополучия населения, а также гигиенических нормативов". Где сказано, что в случае нарушения установленных требований, нарушителям может грозить штраф от тридцати до тысячи шестисот месячных расчетных показателей.

**Источник: http://ekaraganda.kz**


**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15,
Заказ № 29/673. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*